

"ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
"Т.РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ"
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
ШЫҒЫС № 21-02-2003
27 12 27

Мектеп директорларына

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығының 2024 жыл 26 желтоқсандағы №676 хатын және «El Umiti қоры» корпоративтік қорының 23.12.2024 жылғы №02-04-01/475 хатын назарға алу үшін жолдайды.

Ереже қосымша /5 бет/ тіркеледі.

1 **Басшы**



М.Сванов

Орындаған: А.Кариева

«EL UMITI» ҚОРЫ»
Корпоративтік қоры

010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ.,
Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/13, С2.1 блогы
Тел/факс: 8 (7172) 24-87-93



Корпоративный фонд
«ФОНД «EL UMITI»

010000, Республика Казахстан, г. Астана,
район Есиль, проспект Мәңгілік Ел, 55/13, блок С 2.1
Тел/факс: 8 (7172) 24-87-93

20 ____ ж ____ ай ____ күні

№ _____

20 ____ ж ____ ай ____ күні

**Астана, Алматы, Шымкент
қалаларының
және облыстардың білім
басқармаларына**

«El Umiti» қоры» корпоративтік қоры (бұдан әрі – *Қор*) әлеуметтік, қайырымдылық, білім беру, мәдениет және қоғамдық пайдалы мақсаттарға бағытталған коммерциялық емес ұйым болып табылады.

Қор қызметінің басым бағыттарының бірі – шығармашыл және ғылым саласындағы дарынды жастарды қолдау, әлеуметтік жобалар мен азаматтық бастамаларды дамыту.

Қор ағымдағы жылғы 23 желтоқсан айынан 2025 жылдың 23 қаңтарына дейін «Абай мұрасы – ұрпаққа аманат» атты әдеби дикторлар байқауын өткізуді жоспарлап отыр. Байқау Абай Құнанбаев мұрасын жастар арасында кеңінен таратуға, қазақ халқының әдеби мұрасына қызығушылықты дамытуға, қатысушылардың оқу мәдениеті мен шешендік шеберлігін арттыруға бағытталған.

Байқауға 14 пен 17 жас аралығындағы мектеп оқушылар қатыса алады, қатысу тегін. Байқау шарттарына сәйкес қатысуға ниет білдіргендер өздерінің өтінімдері мен бейнежазбаларының сілтемесін contest@elumiti.kz электронды поштасына жіберу қажет (*Ереже қоса беріледі*).

Байқау нәтижелері 2025 жылдың 28 қаңтарында <https://elumiti.kz/> ресми сайтында жарияланады. Жеңімпаздарға дипломдар мен құнды сыйлықтар қарастырылып отыр.

Осы мәселенің маңыздылығын ескере отырып, байқау туралы ақпаратты білім беру ұйымдарының назарына жеткізіп, қатысуға ықпал етуінізді сұраймыз.

Қосымша 3 парақта.

Басқарушы директор

Г. Жүсіпова

Орынд.: А. Мақсұтжанов

Тел.: + 7-700-772-15-37

А. Мақсұтжанов (Координатор проектов)



Бекітемін
Басқарушы директор
Г. Жүсіпова

ЕРЕЖЕ

«Абай мұрасы – ұрпаққа аманат» Республикалық байқауы

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы ереже «Абай мұрасы – ұрпаққа аманат» тақырыбында Абай Құнанбаевтың шығармаларын оқуға арналған Республикалық байқаудың (бұдан әрі – Байқау) мақсатын, қатысушылар санатын, ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды.
2. Байқауға 14-17 жас аралығындағы қатысушылар қатыса алады.
3. Қатысу тегін.
4. Байқауды ұйымдастырушы: «El Umiti қоры» корпоративтік қор (бұдан әрі – Ұйымдастырушы).

II. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ

5. Байқаудың мақсаты – жастар арасында Абай Құнанбаевтың мұрасын насихаттау, қазақ халқының әдеби мұрасына деген қызығушылықты арттыру, қатысушылардың оқу мәдениеті мен шешендік өнер деңгейін көтеру, сондай-ақ ұлттық құндылықтарды нығайту.

III. БАЙҚАУДЫҢ ӨТУ ТӘРТІБІ

6. Байқау мерзімі: 2024 жылғы 23 желтоқсаннан 2025 жылғы 23 қаңтарға дейін.
7. Қатысушыларға көрсетілген мерзімде келесі талаптарды орындау қажет: Видеоролик түсіру – қатысушы Абай Құнанбаевтың шығармасынан (*өлең, прозадан үзінді немесе Қара сөз*) бір туындыны таңдап, оны жатқа оқуы керек. Қатысушы камера алдында шығарманы мәнерлеп, интонацияны, эмоцияны және екпінді сақтай отырып оқуы қажет. Видеожазба келесі талаптарға сай болуы керек:
 - Сапалы болуы (таза дыбыс және айқын бейне);
 - Креативтілік құпталыады. Видеоролик түсіру мен монтаждау барысында ерекше идеялар, бірегей баяндау стилі және шығармашылық шешімдер көрсеткен қатысушылардың жұмыстары жоғары бағаланады;
 - Ұзақтығы 1–3 минуттан аспауы керек;
 - Видео 3 метрден кем емес қашықтықтан түсірілуі тиіс;

- Видеороликті Instagram, YouTube, Tik-Tok платформаларындағы жеке парақшаларға #Елүміті_премиясы2025 хэштегімен жариялау;
- Қатысу өтінімін (қосымшаға сәйкес) және видеороликке сілтемені contest@elumiti.kz электронды поштасына жолдау қажет.
- 8. Байқаудың тақырыбына сәйкес келмейтін, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін видеороликтер қабылданбайды.
- 9. Қатысушы Байқау ұйымдастырушысына видеороликтерді бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет желісінде жариялауға келісім береді.
- 10. Видеороликтерді бағалау Байқау комиссиясы арқылы жүзеге асырылады.
- 11. Байқау нәтижелері 2025 жылғы 28 қаңтарда <https://elumiti.kz/> сайтында және Байқау ұйымдастырушысының @el_umiti.kz Instagram парақшасында жарияланады.
- 12. Жеңімпаздар нәтижелер жарияланғаннан кейінгі 2 күн ішінде инстаграмда посттың астына байланыс деректерін көрсетіп, кері байланысқа шығуы тиіс.
- 13. Егер жеңімпаз белгіленген мерзімде байланысқа шықпаса, Ұйымдастырушы жеңімпазды резервтік тізімдегі қатысушыға ауыстыру құқығын өзіне қалдырады.
- 14. Байқау қорытындысы бойынша апелляция жүргізілмейді.
- 15. Үздік видеороликтердің авторларына Дипломдар мен бағалы сыйлықтар табысталады.

IV. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 16. Ұйымдастырушы осы Ережеге кез келген уақытта өзгерістер мен толықтырулар енгізу құқығын өзіне қалдырады.
- 17. Байқауға қатысу қатысушылардың осы Ережемен толық келісімін білдіреді және олардың жеке деректерін жинауға, сақтауға және өңдеуге келісімін растайды. Бұл келісім Байқау өткізілген бүкіл кезең мен оның аяқталғаннан кейінгі екі жыл ішінде күшінде болады.

Ережеге қосымша

ӨТІНІМІ
«Абай мұрасы – ұрпаққа аманат» республикалық
байқауына қатысу

Оқушы ТӘА	Жасы	Облыс, аудан, қала/ауыл, оқу орны	Байланыс телефоны және электронды пошта	Видеороликка сілтеме

*Өтінішті осы поштаға жіберу қажет: contest@elumiti.kz